

Пайдалану бойынша
нұсқаулық

Веб-камера DQ3M3FA1

DEXP

Мазмұны

Сақтық шаралары	4
Құрылғы мақсаты	5
Жылжымалы көпфункционалды бекітпе көмегімен бекіту	5
Құрылғы схемасы	6
Тазалау және күтім.....	7
Техникалық сипаттамалары	7
Жинақталым	7
Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері.....	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	9
Кепілдікті қызмет көрсету шарттары.....	10
Қосымша ақпарат.....	11

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны өзіңіз өзгертуге тырыспаңыз және оның корпусын ашпаңыз. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.
- Құрылғыны ылғал мен шаңға ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны төтенше температура мен тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз, ұзақ әсер ету құрылғының ішкі элементтері мен корпусына теріс әсер етуі мүмкін.
- Бұл құрылғы үй-жайлардан тыс пайдалануға арналмаған.
- Құрылғының корпусына бөгде заттар мен сұйықтықтар түскен кезде құрылғыны дереу тоқтатыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Жағымсыз иіс немесе түтін, қызып кету немесе құрылғының кез келген басқа ақаулары болған кезде құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз. Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғыны соққылардан, құлаудан, сызаттардан және басқа зиянды әсерлерден қорғаңыз.
- Құлағаннан кейін бұл құрылғыны пайдаланбаңыз, сондай-ақ USB кәбіліне немесе құрылғының өзіне көрінетін зақым болса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған. Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.


Құрылғы мақсаты

Веб-камера кескін мен дыбысты жазуға және оларды нақты уақыт режимінде Интернет арқылы жіберуге арналған.


Маңызды!

Теле- және бейнеконференцияларды жүзеге асыру үшін дыбыстық карта және интернет желісіне қосылу қажет. Бұл веб-камераны әдепкі бейне жазу құрылғысы ретінде орнату ұсынылады. Ол үшін ДК-де «Басқару тақтасын» ашып, «Құрылғы менеджері» опциясын таңдаңыз, содан кейін бейне жазу құрылғысын қосу немесе өшіру үшін тиісті құрылғыдағы тінтуірдің оң жақ батырмасын басыңыз.

Жылжымалы көпфункционалды бекітпенің көмегімен бекіту



Құрылғы схемасы



1. Объектив.
2. Артқы жарықты қосу/өзгерту сенсорлық батырмасы.
3. Микрофон.
4. Артқы жарық.

Тазалау және күтім

Объективті шамадан тыс күш жұмсамай, оптикалық жабдық үшін құрғақ шүберекпен тазалаңыз. Талшықты маталарды қолданбаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: DQ3M3FA1.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Кірістірілген микрофон.
- Максималды ажыратымдылық:
2560 x 1440 — 30 кадр/с.
- Матрицаның мегапиксель саны: 3.
- Матрица: CMOS.
- USB 2.0.
- Айналу бұрышы: 360°.
- Көлбеу бұрышы: 15°.
- Көру бұрышы: 70°.
- Автоматты фокустау.
- Мониторға бекіту.
- 3 жарықтандыру режимі: ашық суық/күңгірт суық/
жылы жарық.
- Үйлесімді ОЖ: Windows, Linux, Android.
- Қуат кернеуі: 5 В.
- Салмағы: 112 г.

Жинақталым

- Веб-камера.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.
- USB 2.0 кәбілі.

Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Мәселе	Ықтимал шешім
Сурет жоқ	Кәбіл қосылымының дұрыстығына көз жеткізіңіз
	Бейне баптауларын тексеріңіз
	Кедергілердің жоқтығына және құрылғының объективінің бағытының дұрыстығына көз жеткізіңіз
Сурет тым қараңғы немесе тым ашық	Жарықтың жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, жасанды жарықтандыру көздерін пайдаланыңыз
	Пайдаланылған құрылғыдағы суреттің жарықтығы мен кереғарлығын реттеңіз
	Веб-камераны күшті жарық көзіне тікелей қоймаңыз
	Объективті ластанудан тазалаңыз

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы ешқандай орнатуды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы керек.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 14 ай.

Пайдалану мерзімі: 14 ай.

Қосымша ақпарат

Manufacturer:Guangzhou Nebulosa Technology Co., Ltd.
Room 301, Building D, NO.7, 3rd Jingye Street, Science City, High-Tech Industrial Development Zone, Guangzhou, Guangdong, China.

Өндіруші: Гуанчжоу Нэбьюлоса Тэкнолоджи Ко., Лтд.
301 каб., D ғим., 3-ші Цзинье к-сі 7, ғылыми қала, өнеркәсіпті дамыту және жоғары технологиялар аймағы, Гуанчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту үшін сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.4



